

**«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ**  
**Қоғамдық кеңестің отырысының**  
**ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

№ 8

2025 жылдың «30» қаңтар

«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/14 үй.

Қоғамның Қоғамдық кеңесінің (бұдан әрі – Қоғамдық кеңес) отырысы Meet.Google.com конференцбайланысы арқылы өткізіледі, сілтеме: <https://meet.google.com/ycp-dxkm-ywc>.

**Отырысқа қатысқандар:**

Қоғамның Қоғамдық кеңесі келесі құрамда:

- коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтардың өкілдері:

1. Боровая Наталья Алексеевна
2. Берден Инжумаржан Мысырғалиқызы
3. Бисембина Динара Аскарвна
4. Калкабаев Азамат Муратбекович
5. Курумбаев Айбулат Шамуратових
6. Нуркебаева Асель Болатовна
7. Оспанова Гульден Джетысовна
8. Салимова Вагида Вилиновна
9. Нұрлыбаев Нұркен Аргинқазыұлы
10. Тикенов Еркін Амангельдинович

- «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ өкілдері:

11. Устимиров Ильяс Нурланович
12. Жансайтов Рустем Акказинович

Қоғамдық кеңесінің хатшысы: Бакаева Ш.М.

Отырысты өткізу үшін кворум сақталған.

**Күн тәртібі:**

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің Төрағасын сайлау.
2. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің 2024 жылғы 2 жартыжылдыққа арналған жұмыс жоспарына өзгерістер енгізу.
3. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту.

**Күн тәртібіндегі бірінші** «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің Төрағасын сайлау» мәселе бойынша «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесі отырысының 2024 жылғы «15» тамыздағы № 1 хаттамасымен бекітілген «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесі туралы Ереженің 56-тармағына сәйкес, Қоғамдық кеңес Төрағасының

өкілеттік мерзімі 6 (алты) айды құрайды, ол аяқталғаннан кейін осы тармақта көзделген тәртіпшен басқа Төраға сайланады деп анықталды.

2024 жылғы 15 тамызда № 1 Қоғамдық кеңес отырысының хаттамасымен өкілеттік мерзімі 6 айға Қоғамдық кеңестің төрағасы сайланды, осыған байланысты, 2025 жылдың 14 ақпанында оның мерзімі аяқталады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде келесі 6 айға жаңа төрағаны сайлау қажет.

Қоғамдық кеңес мүшелерінен келесі мерзімге келесі кандидаттардың бірін Төраға етіп сайлау жөнінде ұсыныстар түсті: В. Салимова, Е. Тикенов.

Күн тәртібіндегі мәселені талқылау нәтижелері бойынша Қоғамдық кеңес мүшелеріне дауыс беру үшін сауалнамалар және әрбір мүшесінің пікірін сұрау Қоғамдық кеңестің Whatsapp чатына жіберілді.

Қоғамдық кеңес мүшелерінің дауыс берудің соңғы күні 2025 жылғы «31» қаңтар сағат 21.00-ге дейін. Дауыстарды санау күні: 2025 жылғы «03» ақпан, сағат 09:30-да.

Қарау және талқылау қорытындысы бойынша мәселе Қоғамдық кеңес мүшелерінің дауыс беруіне шығарылды.

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша дауыс беру қорытындысы:**

Р/с	Аты-жөні	Қолдағандар
1	Тикенов Е.А.	9
2	Салимова В.В.	3

Көпшілік дауыспен ашық дауыс беру нәтижелері бойынша, Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің төрағасы болып, 2025 жылғы 15 ақпаннан бастап, өкілеттік мерзімі 6 (алты) айға, Тикенов Еркін Амангельдинович сайлансын.

**Күн тәртібіндегі екінші «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің 2024 жылғы 2 жартыжылдыққа арналған жұмыс жоспарына өзгерістер енгізу» мәселе бойынша Қоғамдық кеңестің хатшысы Ш. Бақаева 2024 жылы Отырыстар бекітілген жоспар бойынша өтпегендіктен, онда іс жүзінде жүзеге асырылған отырыстарды көрсете отырып, бұрын бекітілген жоспарға түзетулер енгізу қажет екенін хабарлады.**

Қарау және талқылау қорытындысы бойынша мәселе Қоғамдық кеңес мүшелерінің дауыс беруіне шығарылды.

**Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша дауыс беру қорытындысы:**

«Қолдағандар» - 9

«Қарсы» - дауыстар жоқ

«Қалыс қалғандар» - 3

Көпшілік дауыспен ашық дауыс беру нәтижелері бойынша, Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің 2024 жылғы 2 жартыжылдыққа арналған жұмыс жоспары бекітілсін (өзгерістермен).

**Күн тәртібіндегі үшінші «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту» мәселе бойынша** Қоғамдық кеңес мүшелері 2025 жылға арналған жұмыс жоспарын Қоғамның Басқарма Төрағасымен кездесуден кейін бекіту қажет деген пікір білдірді. Сондай-ақ, Қоғамдық кеңестің мүшесі Е. Тикенов 2025 жылға арналған жұмыс жоспары жобасының ұсынылған редакциясына екі тармақты енгізуді ұсынды.

Қарау және талқылау қорытындысы бойынша Қоғамдық кеңес мүшелерінің дауыс беруіне мынадай шешімдер шығарылды:

1. 2025 жылға арналған Қоғамдық кеңестің жұмыс жоспары жобасы Қоғамдық кеңестің мүшесі Е.А. Тикенов ұсынған тармақтарымен толықтырылсын және 2025 жылға арналған жұмыс жоспарын бекітуді одан әрі қарауға қалдырылсын.

2. Қоғамның Басқарма Төрағасымен кездескенге дейін Қоғамдық кеңестің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарының жобасын қараудан бас тартылсын.

**Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша дауыс беру қорытындысы:**

Шешімнің 1-тармағы «Қолдағандар» – 7

Шешімнің 2-тармағы «Қолдағандар» – 5

«Қарсы» - дауыстар жоқ

«Қалыс қалғандар» - дауыстар жоқ

3. Қоғамның Басқарма Төрағасымен кездесу ұйымдастырылсын.

**Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша дауыс беру қорытындысы:**

Шешімнің 3-тармағы «Қолдағандар» - 12

«Қарсы» - дауыстар жоқ

«Қалыс қалғандар» - дауыстар жоқ

Көпшілік дауыспен ашық дауыс беру нәтижелері бойынша, Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2025 жылға арналған Қоғамдық кеңестің жұмыс жоспары жобасы Қоғамдық кеңестің мүшесі Е.А. Тикенов ұсынған тармақтарымен толықтырылсын және 2025 жылға арналған жұмыс жоспарын бекітуді одан әрі қарауға қалдырылсын.

2. Қоғамның Басқарма Төрағасымен кездесу ұйымдастырылсын.

оставить утверждение плана работы на 2025 год на дальнейшее рассмотрение.

2. Организовать встречу с Председателем Правления Общества.

Вопросы, вынесенные на повестку дня заседания Общественного совета, рассмотрены. Протокол заседания будет опубликован на официальном интернет-ресурсе Общества в течение 3 (трех) рабочих дней после его подписания.

**Председатель  
Общественного совета**



**Г. Оспанова**

**Секретарь  
Общественного совета**



**Ш. Бакаева**